




«Оқуға құштар мектеп» жобасын қолдау мақсатында жоспар бойынша, № 44 А(К)ЖББ мектебінің оқушылары 2023 жылдың 21 қараша күні Ақтөбе қаласы Нұрпейіс Байганин атындағы облыстық балалар кітапханасына экскурсия жасады.

Мақсаты: оқушыларды кітапханамен таныстыру, білімін кеңейту және тереңдету.

Кітапханашы Аяжан Алданазарова оқушыларды кітапхана өмірімен таныстырды, білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындырды, кітапхана туралы, балалар әдебиеті бөлімі, кітап қоры туралы мәлімет «Кітаппен бірге өсеміз», «Балаларға базарлық» атты кітап көрмелерімен таныстырды. Оқушыларға қазақ, орыс, шетел шығармалары, балаларға арналған энциклопедиялар, ертегі кітаптар тізімін ұсынды. І.Жансүгіровтың, М.Әуезовтың, А.Құнанбаевтың және т.б. ақын жазушылардың шығармаларымен оқушыларды таныстырды.

Оқушылар экскурсиядан жақсы ұмытылмас әсер алып, кітап оқып өз ойларымен бөлісті.

